

**Қ.И.СӘТБАЕВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ
ТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ**

**СӘТБАЕВ
УНИВЕРСИТЕТІ**



**Ө.А. БАЙҚОҢЫРОВ АТЫНДАҒЫ ТАУ-КЕН
МЕТАЛЛУРГИЯ ИНСТИТУТЫ**

**ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ МАШИНАЛАР және
ЖАБДЫҚТАР КАФЕДРАСЫ**

КОРЕАҒА ЖІБЕРІЛДІ
Кафедра меңгерушісі
техн.ғыл.канд.,
ассоц. профессор
К.К. Елемесов
«14» 05 2019ж

ДИПЛОМДЫҚ ЖОБА

Тақырыбы: «Тереңдігі 3000 м ұңғыны бұрғылауға арналған ротордың
техникалық параметрлерін есептеу»

5B072400 – «Технологиялық машиналар және жабдықтар» мамандығы

Орындаған:

Ахмедғали Абзал Сабыржанұлы

Ғылыми жетекші:

т.ғ.к., ассоц. профессор Карманов
Тогыс Досмурзаевич

Алматы 2019

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ө.А.Байқоңыров атындағы тау-кен металлургия институты

Технологиялық машиналар және жабдықтары кафедрасы

5B072400 – «Технологиялық машиналар және жабдықтар»



Дипломдық жоба орындауға ТАПСЫРМА

Білім алушы: Ахмедғали Абзал Сабыржанұлы

Тақырыбы: Тереңдігі 3000 м ұңғыны бұрғылауға арналған ротордың техникалық параметрлерін есептеу

Университет басшысының "08" қазан 2018 ж. № 113-б бұйрығымен бекітілген Аяқталған

жобаны тапсыру мерзімі «20» мамыр 2019ж.

Дипломдық жобаның бастапқы берілістері: Тереңдігі 3000 м

Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі:

а) Техникалық бөлімі: Бұрғылауға арналған ротор құрылымына талдау жасау; негізгі жабдықтарына түсініктеме беру.

б) Есептеу бөлімі: негізгі элементтерінің параметрлері есептелінді;

в) Экономикалық бөлімі: жобаланатын ротордың экономикалық, пайдалану тиімділіктерін салыстыру;

г) Еңбек қорғау бөлімі: қауіпсіздік шаралары және еңбек қорғау мәселелерін қарастыру.

Сызба материалдар тізімі (6 парақ сызбалар көрсетілген)

1. Р-560 роторының жалпы көрінісі; 2. Пневмосыналы қысқыш; 3. Бөлшек сызбасы; 4. Бөлшек сызбасы; 5. Бөлшек сызбасы.

Ұсынылатын негізгі әдебиет 6 атау

Протокол анализа Отчета подобия Научным руководителем

Заявляю, что я ознакомился(-ась) с Полным отчетом подобия, который был сгенерирован Системой выявления и предотвращения плагиата в отношении работы:

Автор: Ахмедгали Абзал Сабыржанұлы

Название: Тереңдігі 3000 м ұңғыны бұрғылауға арналған ротордың техникалық параметрлерін есептеу

Координатор: Тогыс Карманов

Коэффициент подобия 1: 4

Коэффициент подобия 2: 0,6

Тревога: 32

После анализа Отчета подобия констатирую следующее:

- ☒ обнаруженные в работе заимствования являются добросовестными и не обладают признаками плагиата. В связи с чем, признаю работу самостоятельной и допускаю ее к защите;
- ☐ обнаруженные в работе заимствования не обладают признаками плагиата, но их чрезмерное количество вызывает сомнения в отношении ценности работы по существу и отсутствием самостоятельности ее автора. В связи с чем, работа должна быть вновь отредактирована с целью ограничения заимствований;
- ☐ обнаруженные в работе заимствования являются недобросовестными и обладают признаками плагиата, или в ней содержатся преднамеренные искажения текста, указывающие на попытки сокрытия недобросовестных заимствований. В связи с чем, не допускаю работу к защите.

Обоснование:

Организован просмотр жребия прощатки
Белый Бельгардов.
Данная жребия не имеет ни стандарт-
марки, ни организована.
Вывод: в настоящее время комиссия
Кортежа не имеет.

Генерал

Дата 8.05.2019 г.

Подпись Научного руководителя

Протокол анализа Отчета подобия

заведующего кафедрой / начальника структурного подразделения

Заведующий кафедрой / начальник структурного подразделения заявляет, что ознакомился(-ась) с Полным отчетом подобия, который был сгенерирован Системой выявления и предотвращения плагиата в отношении работы:

Автор: Ахмедгали Абзал Сабыржанұлы

Название: Терендігі 3000 м ұңғыны бұрғылауға арналған ротордың техникалық параметрлерін есептеу

Координатор: Тогыс Карманов

Коэффициент подобия 1:4

Коэффициент подобия 2:0,6

Тревога:32

После анализа отчета подобия заведующий кафедрой / начальник структурного подразделения констатирует следующее:

- обнаруженные в работе заимствования являются добросовестными и не обладают признаками плагиата. В связи с чем, работа признается самостоятельной и допускается к защите;
- обнаруженные в работе заимствования не обладают признаками плагиата, но их чрезмерное количество вызывает сомнения в отношении ценности работы по существу и отсутствием самостоятельности ее автора. В связи с чем, работа должна быть вновь отредактирована с целью ограничения заимствований;
- обнаруженные в работе заимствования являются недобросовестными и обладают признаками плагиата, или в ней содержатся преднамеренные искажения текста, указывающие на попытки сокрытия недобросовестных заимствований. В связи с чем, работа не допускается к защите.

Обоснование:

Диплом, таблица, планшета, текст, барысына, ұжастық, ақса, екені, анықтаушы, пікір, барыс, тапсырма, сай, оқиы, дауыс, пікір, елшікеттік, аттестациянау, қалыптасына, қорғау, ұсынышары.

Дата

Подпись заведующего кафедрой /

начальника структурного подразделения

Окончательное решение в отношении допуска к защите, включая обоснование:

Диплом по базису минимален стандартно
содержит материал темы работы полностью
содержит материал темы работы полностью
качественно работа усвоена

Дата


Подпись заведующего кафедрой /

начальника структурного подразделения

1 Техникалық бөлім

1.1 Бұрғылау роторлары құрылымы.

Эксплуатациялық және терең барлама бұрғылауда қолданылатын бұрғылау қондырғыларында ұңғыма сағасының үстінде қозғалмайтын етіп орнатылған роторлар қолданылады. Құрылымдық сызбасы бойынша олар конустық редукторға ұқсас, оның жетектегі білігі тік ортасы қуыс цилиндр түрінде жасалған. Ротордың типтік конструкциясы (1.1 сурет) тұғырдан (станина) және столдан тұрады, ол конустық тістегершік және дөңгелек көмегімен тезжүргіш біліктен айналым алады. Берілістің өсаралық бұрышы 90^0 -ты құрайды.



1-ротор қақағы, 2- стол, 3-негізгі тіреу, 4-ішпек, 5-кыспақ, 6- дөңгелек, 7-білік, 8- стақан, 9-тұғыр, 10 - конустық тістегершік, 11- фланец, 12-көмекші тірек, 13-болат төсеме, 14-радиалды паз, 15-шынжыр жұлдызша

1.1 сурет – УР-500 бұрғылау роторы

Ротор тұғыры (станина) көп жағдайда конструкциялық легирленбеген болаттардан құйылып жасалады. Оның геометриялық өлшемдері мен пішіні

құрылымдық, пайдаланушылық, технологиялық, эстетикалық талаптармен анықталады.

Тұғырда тезжүргіш білікті және ротор столын орналастыруға арналған көлденең және тік кеулейжонылған орынтақтар (расточки) бар. Оның қабырғаларының қалыңдығы 15-30 мм. Қабырға қалыңдығын арттыру металл микроструктурасының біртекті емес болуына әкеледі, сондықтан сапалы құйманы алу үшін ротор тұғыры қабырғаларының қалыңдығы құйма өндірісінің технологиясы талаптарына сәйкес таңдалады. Қажетті беріктік пен қатаңдықты тұғырдың ішкі қабырғасындағы қырлар қамтамасыз етеді. Оның негізінде роторды ілінген күйінде орын ауыстыруда қолданылатын строптарға арналған тесіктер бар.

Стол сыртында дискасы бар ортасы қуыс болат құйма түрінде болады, ол тұғырдың тік жонбасын жауып тұрады. Оның жоғарғы жағында ажырама ішпекке (вкладыш) арналған квадратты тесігі (углубление) болады. Өз кезегінде ішпектер де бас жағы квадратты, ары қарай конус түрінде болып келетін, қыспаққа (зажим) арналған орын бар. Бұрғылау кезінде ішпекке жетек құбырдың квадратты немесе роликті қыспақтары салынады, ал КТО кезінде - құбырлар тізбегін ротордың үстінде ұстап тұратын сыналар. Ішпек пен қыспақтардың ажырағыш конструкциялары оларды роторға оның тесігінде құбыр тұрғанда орнатуды қамтамасыз етеді. Ішпек пен қыспақтар роторда бұралатын бекіткіштер арқылы ұсталынып тұрады. Қыспақ пен жетек құбырының арасында олардың жанасатын беттерінің тозуын тудыратын сырғанау үйкелісі пайда болады. Роликтік қыспақтарды қолданған кезде жетек құбыр тербелу мойынтіректерінде орнатылған роликтерден сырғанайды, соның арқасында оның тозуы біршама азаяды.

Ротор столы нығыздалған конустық дөңгелекпен бірге тұғырдың тік жонбасында негізгі және көмекші тіректерде орнатылады. Тіректер ретінде радиалды-тіректік шарикті мойынтіректер қолданылады, олар бір-біріне қатысты айнадағы көшірмесіндей орналасуы және өстік нығыздықтың нәтижесінде екіжақтық өстік жүктемелерді қабылдауға қабілетті.

Негізгі тірекке КТО кезінде ротормен ұсталынып тұратын құбырлар тізбегінің және ротор столының өзінің салмағы әсер етеді. Ұңғыны бұрғылау кезінде бұрғылау тізбегі ұршыққа ілінеді және негізгі тірекке столдың өзінің салмағы және жетек құбырдың ротор қыспақтар арқылы сырғанауы нәтижесінде пайда болатын үйкеліс күштері әсер етеді. Ротор столы және мойынтіректер роторлық бұрғылауда айналады, КТО кезінде және түптік қозғалтқыштармен бұрғылау кезінде қозғалмайды.

Көмекші тірекке мойынтіректерді алғашқы өстік тартудан пайда болған күш және құбырды, қашауды және басқа аспаптарды көтеру кезінде олардың теңселуінің және ротор столы өсіне қатысты ығысуының нәтижесінде пайда болатын соққылар мен үйкелістерден болған жүктемелер әсер етеді. Ротордың қалыпты жұмыс істеуі үшін көмекші мойынтіректердің алғашқы өстік тартылуы маңызды болады. Дұрыс таңдалған тарту шариктердің жүгіру жолында нық орнығуын қамтамасыз етеді, тербеліс беттерінің тозуын азайтады, мойынтіректердің ұзақмерзімділігін және жүктелуін арттырады,

шариктердің моменттер әсерінен айналуын болдырмайды және соның арқасында үйкеліс коэффициентін төмендетеді.

Артық тарту да кем тарту сияқты қауіпті, себебі шариктердің қысылуын, тербеліс беттерінің артық жүктелуін және жоғары жылу бөлгіштікті тудырады. Негізгі тіректердің мойынтіректерін тарту ротор столының өзінің салмағымен жүзеге асырылады. Ал оның өстік орналасуы негізгі тіректің төменгі сақинасының астында орнатылған болат төсемен реттеледі. Көмекші мойынтіректердің өстік тартылуы болттармен жалғанған ротор столының төменгі табаны және фланец арасында орналасатын төсемелермен реттеледі.


Ротор тұғыры мен столдың орталықтандыратын беттерінің өстес болмауының салдарынан шариктердің жүгіру жолдары симметрия өсінен ығысуы мүмкін, осының нәтижесінде мойынтіректердің дұрыс жұмысы бұзылады. Өстес еместікті жою үшін мойынтіректердің бір сақинасы орталықтандырылады, ал екіншісі радиус бойынша еркін қозғалады. Жүктеменің әсерінен бос дөңгелек шариктерге қатысты өздігінен орталықтанады және осының арқасында мойынтіректердің ұзақмерзімділігін арттыратын шариктердің біркелкі жүктелуі қамтамасыз етіледі. Әдетте мойынтіректің бос дөңгелегі ротор тұғырына орнатылады.

Радиалды-тіректік шариктік мойынтіректер ротор столының өту тесігінің диаметрі бойынша таңдалады. Берілген диаметрлі мойынтіректердің жүктелу қабілеті олардың сериясына байланысты. Ротор столының негізгі тірегінде диаметрі 63,5–101,6 мм шариктері бар мойынтіректер, ал көмекші тіректе - диаметрі 38,1-47,6 мм шариктері бар жеңіл сериялы мойынтіректер қолданылады. Шариктілермен салыстырғанда жүктелу қабілеті жоғары конустық роликті мойынтіректер ротор столы тіректерінде сирек қолданылады. Бұл олардың жұмыс істеу уақытын қысқартатын, ауытқуға деген жоғары сезімталдығына және салыстырмалы жоғары бағасына байланысты.

Негізгі және көмекші тіректердің орналасу реті басқа ротор маркаларында салыстырмалы түрде басқаша болуы мүмкін. Мысалға УР–760 маркалы роторда көмекші тірек негізгі тіректен жоғары орналасқан. Кілтеппен бекітілген конустық тістегершігі бар тезжүргіш білік стақанда монтаждалады және жиналған күйінде тұғырдың көлденең тесіліп жонылған жерінде орнатылады. Стақан мойынтіректерді орнату және жүктемемен бұрау кезінде тұғырды соққылардан бұзылудан қорғайды. Тістегершіктің тезжүргіш білікте консолді орналасуы сәйкесінше роторды жинақтау және құрастыруда қолайлы. Бірақ осының нәтижесінде біліктің беріктігіне деген талаптар артады, себебі оның деформациясы нәтижесінде тістегершік пен дөңгелектің ілінісінде түйісулік қысымның біркелкі таралуы бұзылады, бұл оның ұзақ тұрақтылығының төмендеуіне әкеледі. Осы тұрғыдан алғанда тістегершікті екі тірек арасына орналастыру дұрысырақ болады. Бірақ монтаждау және жөндеудің ыңғайлылығын ескеріп барлық роторлардың құрылымдары тезжүргіш біліктерінде тістегершіктер консолді орналасып дайындалады. Бұл жағдайда тістегершіктің білік тірегіне өте жақын орналасуынан ию моменті

азаяды. Тезжүргіш біліктің сыртқы шетінде шынжыр жұлдызшасы немесе карданды муфта орнатылған. Қызмет студің ыңғайлылығы және қауіпсіздігі үшін ротор қақпақпен жабылады. Түптік қозғалтқыштармен бұрғылау кезінде ротор столы тежеліп тоқтатылады және бұрғылау тізбегі арқылы берілетін реактивті айналу моментінің әсерінен ротор столының кері айналуы болмайды. Тоқтату тісті мұрындық арқылы іске асырылады, ол ротор столы дискісінің радиалды паздарына кіреді.

1.2 суретте көрсетілген роторда тезжүргіш білікте тұғырдың бағыттаушы төлкелерінде тұтқа арқылы қозғалатын тоқтатқыш мұрындықпен ілінісуге арналған пазлары бар дөңгелек орнатылған. Тұтқа мұрындық тістерімен ілінісетін тістегершігі бар білікшемен жалғанады. Тістегершік мұрындықты айналып кетуден сақтайды, ал тұтқа оны шеткі қалыпта орнықтырады.



1-төлке, 2-бұранда, 3-дискі, 4-мойынтірек, 5-түтік, 6,8-гильза, 7- стақан, 9-білік, 10-төменгі мойынтірек, 11-тұтқа, 13-тоқтатқыш мұрындық, 14-дөңгелек, 15-ішпек, 16-плунжерлі сорап, 17-кран

1.2 сурет – УР-760 бұрғылау роторы

Қуаттылығы аз роторларда үйкелісетін бөлшектер бұрку арқылы майланады. Қуаты жоғары қарқынды жылубөлгіштікті тудыратын, сонымен қатар бұрку арқылы майлауды қиындататын ротордың құрылымдық жинақталуына сәйкес мойынтіректерді және тістік берілісті майлаудың циркуляциялық жүйесі қолданылады.

Тезжүргіш біліктің мойынтіректерін стақанға құю тесіктері арқылы толтырылатын сұйық маймен майлайды. Толтыру және пайдалану кезінде май деңгейі майкөрсеткіш көмегімен бақыланады. Майдың ағып кетуін болдырмау үшін стақанның сыртқы шеттік қақпағы тілімделген шытырман тығыздауышпен жабдықталған. Стақанның ішкі шетінде майды жуу сұйығымен, ротор столы мойынтіректерін және конустық берілісті майлауда қолданылатын, жапсарлас майлы ваннаға түсетін тозу өнімдерімен ластанудан қорғайтын, кері шағылыстырғыш дискілі қақпағы бар.

Конустық мойынтіректерде роликтер ортадан тепкіш сораптардың қалақтары сияқты мойынтірек пен қақпақ арасындағы кеңістікке май айдайды, ол біліктің тығыздағышы арасынан қосымша май ағуына әкеледі. Бұл роликтер тығыздағыштарға үлкен диаметрлі жағымен орналасқанда және олардың тербелу өстері қиылысқанда (Х-типті сұлба) ерекше байқалады. Сондықтан 1.2–суретте көрсетілген мойынтіректерді орналастыру сұлбасы тиімдірек, мұнда роликтер тығыздағыштарға кіші диаметрлі жағымен орналасқан және олардың тербелу өстері мойынтіректерден (О-типті сұлба) тыс қиылысады.

Мойынтіректерді қақпақтардың тығыздағыштары мен мойынтіректерден пайда болған қалталарда орналасқан май айналысының қиындау салдарынан болған қатты қыздып кетуден сақтау үшін стақанның төменгі бөлігінде майды стақанның май ваннасына өтуін қамтамасыз етуге арналған арналар бар.

Ротор столы мен тұғырының арасында пайда болған орталық май ваннасы май деңгейін көрсететін көрсеткіші бар тығынмен жабылып, толтыру тесігі арқылы сұйық маймен толтырылады. Орталық май ваннасын КТО кезінде ағатын жуу сұйығының құйылуынан сақтау үшін ротор столы мен тұғырының арасына сақиналық шытырман тығыздағыштар орналасқан. Столдың мойынтіректері және конустық тісті жұп тістегершіктердің айналуы кезінде қарпып алынатын майды бүрку арқылы майланады. Осыған сәйкес орталық ваннадағы май деңгейі тістегеріштің төменгі контурынан жоғары болуы тиіс.

Майды ауыстыру әр ұңғыны бұрғылағаннан кейін және әрбір 2-3 ай аралығында жүргізіледі. Пайдаланылған майды төгу үшін тұрқының негізінде төгу тығындары бар. Жаңа майды құю алдында ваннаны керосинмен жуу қажет. Көмекші мойынтірек тісті дөңгелектің үстінде орналасқан жағдайда оны бүрку арқылы майлау қиын болады. Мұндай құрылымды роторларда көмекші мойынтіректі майлау үшін қою май қолданады.


1.2 суретте көрсетілген роторда мойынтіректер мен тісті жұпты плунжерлі сорап көмегімен майлаудың циркуляциялық жүйесі қолданылады.

Сорап ротор тұғырындағы майсақтағыштан А майды алады және оны кран арқылы түтіктер бойымен жоғарғы мойынтірекке жібереді. Майдың бір бөлігі тісті тәжге ағады және тісті жұпты майлайды, ал екінші бөлігі арналар бойымен жүріп, төменгі мойынтірекке барады, одан май ваннасына ағады.

УР-760 роторы жинақтық құрылымды жабдық болып саналады, ол дискімен жасырын басы бар бұрандалар көмегімен қосылатын қуыс төлкеден тұрады. Стақан орнына эрекеттік аралық гильзалар қолданылады.

Тезжүргіш білік (1.3 сурет) стақанда тістегершік жағында орналасқан қосарланған радиалды-тіректік конустық мойынтіректерде және біліктің қарама-қарсы шетінде орнатылған радиалды роликті мойынтіректе монтаждалады. Конустық мойынтіректердің бір-біріне қарсы теңдесіп орналасуы біліктің екіжақтық дәл орнығуын, берілістің сенімді және шусыз жұмысын қамтамасыз етеді.

Орнықтырғыш тіректе мойынтіректердің ішкі сақиналары біліктің иықшасы мен тістегершіктің шет жағына тірелетін майшашыратқыш сақиналар арасына бекітілген. Мойынтіректердің сыртқы сақиналары стақанның ішкі және сыртқы фланецтері арасында металл төсемелер және аралық төлке көмегімен бекітілген. Роликті мойынтіректің ішкі сақинасы біліктің иықшасы мен сақина, аралық бөлшектер дистанциялық сақина арқылы шеттік фланецпен тартылып бекітіледі.



1-тістегершік, 2-дөңгелек, 3-ішкі фланец, 4-сақина, 5,9-мойынтірек, 6-тезжүргіш білік, 7- стақан, 8- аралық төлкелер ,10-сақина,11-сыртқы фланец, 12-болт, 13,14,15- аралық төлке, 16-шеттік фланец, 17- дистанциялық сақина, 18- төсе, 19- конустық мойынтірек

1.3 сурет – Ротордың тезжүргіш білігі

Мойынтіректердің өстік саңылаулары аралық төлкелер және стақан мен оның фланецтары арасында орналасқан металл төсемелердің жиынтығы көмегімен реттеледі.

Конустық жұптың сенімді және шусыз жұмысы тістердің дұрыс түйісуі кезінде қамтамасыз етіледі, ол тістегершіктің және дөңгелектің бастапқы конустарының төбелерінің үйлесуімен іске асырылады. Ілінісу тістегершіктің өстік орналасуын болттарға арналған керткітері бар жартысақина түрінде жасалған металл төсемелер көмегімен өзгерту арқылы реттеледі. Осының

арқасында төсемелер тығыздағыш бөлшектерді шешпей-ақ төсемелердің өтуіне жеткілікті болатын болттарды аз ғана бұрап шығару арқылы орнатылады. Ілінісуді реттеудің дұрыстығы әдетте тістердің түйісу беті бойынша бақыланады. Роторларды жинақтау кезінде дәлдігі аз, бірақ жеңіл бақылау әдісін қолданады – тезжүргіш білікті жұмысшы қолының күші арқылы бұрау кезіндегі ротор столының айналуы бірқалыптылығы бойынша тексереді.

1.2 Ресейлік сериялы түрде шығарылатын ротордың конструкциялары

Роторды жобалаудағы негізгі берілгендері- ұңғыны бұрғылаудың ең үлкен тереңдігі немесе ротор столына бұрғылау немесе қоршама колонна салмағынан статикалы жүктемесі.

Типтік ұңғының конструкциясы мен бұрғылау құрал –саймандардың типтік өлшемдерін біле отырып, ротор столына ең үлкен статикалы жүктемені анықтау қажет.

Роторды желілеу бұрғы лебедкасы немесе жеке жетек арқылы жүзеге асады.

У-560 пен Р-700 роторлары техникалық сипаттамаға ие бола отырып, едәуір түрде конструкторлық ерекшеленеді. Роторды желілеу тізбекті немесе карданды беріліс арқылы жүзеге асады.

Роторлардың топтамалы немесе жеке жетектері бар. Топтамалы жетектер осы берілістермен қосылады.

Бұл жетек тереңдігі 3000м терең ұңғыны бұрғылау үшін электрлі бұрғылау қондырғыларда қолданылады.

Бұрғылау роторы келесі операцияларды орындау үшін арналған:

- 1) ұңғыны роторлы әдіспен бұрғылау кезінде бұрғылау тізбегін өткізу, түсіріп-шығару процессін қамтамасыз ету;
- 2) құбырдың бекіту колоннасын тежеп ұстау мен түсірме-көтермелі операцияларды қамтамасыз ету.

Роторлар бұрғылау қондырғыларының негізгі механизмдері қатарына жатады және өткізу тесіктерінің диаметрлері, қуаттары мен жіберілген статикалық жүктемелері бойынша ерекшеленеді.

Роторларды жетелеу бұрғылау шығырынан тізбекті, карданды және тісті беріліс арқылы жүзеге асады.

Жетектерге байланысты роторларда сатылы, үздіксіз –сатылы және үздіксіз өзгертін айналу жылдамдығы мен моменті бар. Реактивті айналу моментін қабылдау үшін, олар жылдам жүргіш білікке немесе ротор столына орнатылған стопорлы құрылғылармен жабдықталады.

Роторлар айналмалы жұмыс жиілігі мен талап етілетін қуатты берілістің және айналу моментінің барлық диапазонында сенімді жұмыс істеуін қамтамасыз етуі тиіс.

Ротор беріктігі мен оның столының тіреуіштері оларға орнатылған бұрғылау және қоршама құбырларының колоннасының ең үлкен салмағын қабылдау үшін жеткілікті болу керек.

Ротордың конструкциясы былай болуы тиіс: желіні кардан білігі мен тізбекті берілістен, ал сальниктерді-жеткілікті герметизациялаумен қамтамасыз ету керек және механизмдерді бұрғылау ерітінділері мен қоқыстардың түсуінен сақтандыру керек.

Ротордың массасы мен конфигурациясы транспортты құралдармен өндіріс аралығында сүйреу арқылы тасмалдауға сәйкес болуы қажет. Роторлардың айналдыру жиілігін тұрақтандыруды жылдам қамтамасыз ететін құрылғылар болу қажет.

Роторлар өткізу тесіктерінің диаметрі мен ротор столындағы статикалық жүктелуі бойынша жіктеледі. Өткізу тесіктерінің мынадай диаметрлері бойынша роторды алты сыныбы қарастырылады: 460, 520, 560, 700, 950 және 1260 мм, қабылдай алатын статикалық жүктемелері: 2; 3; 2,4; 5, 6,3 және 8 МН.

Ресей роторлары техникалық сипаттамалары 1.1 кестеде келтірілген.

1.1 кесте Ресей роторлары техникалық сипаттамалары

Параметрлері	P-560	P-700	P-950
Ротор столы статикалық жүктемесі, МН;	4,0	5,0	6,3
Айналу жиілігі 100 айн/мин болған кезде	1,78	2,3	3,2
Столдың ең үлкен айналу жиілігі айн/мин	250	----	----
Столдағы тесіктің диаметрі мм	560	700	950
Бұрғылау тереңдігінің шартты диапазоны, м	2500-4000	3200-5000	4000-8000
Конустық жұптың беріліс қатынасы	3,61	3,13	3,81
Максималды қуат кВт	370	440	500
Габариттері , м			
ұзындығы	2,31	2,27	2,42
ені	1,62	1,54	1,85
биіктігі	0,75	0,68	0,75
массасы, кг	$5,8 \cdot 10^3$	$4,8 \cdot 10^3$	$7,0 \cdot 10^3$
Майлы ваннаның сыйымдылығы, л	22	55	55

1.3 Роторларды монтаждау, пайдалану, параметрлерін реттеу және техникалық қызмет көрсету.

Ротор роторасты белдікке орнатылып, шынжырлы жетегі бар бұрғылау қондырғыларында («Уралмаш 3Д-76», «Уралмаш4Э-76», «Уралмаш 3000БД», «Уралмаш 3000БЭ») мұнара центріне, жетек жұлдызшасына қатысты центрленеді. Жетек ретінде кардан біліктер қолданылатын бұрғылау қондырғыларында («Уралмаш5000Э», «Уралмаш 2003-IV») ротор өсін центрлеу, электрқозғалтқыш бойлық өсіне қатысты жүзеге асады. Ал карданды берілісті «Уралмаш-4000Э», «Уралмаш-5000ДГУ», «У-200ДТ-IV» бұрғылау қондырғыларында жоғарғы редуктордың бойлық өсіне қатысты центрленеді.

Центрлеуді кронштейнге бұралатын, көлденең белдіктерге пісірілген, көлденең орналасқан тіректік болттар көмегімен жүргізеді. Кондуктор аузынан ротордың төменгі жазықтығына дейінгі тік бағыттағы аралық 400 мм кем болмаса, жуу сұйығының шашырап, роторға құйылып кетуін болдырмайды.

Ротордың тура көлденең қалыптағы дәлдігі, бойлық және ендік бағыттарда уровень көмегімен тексеріліп, 1м 1мм шамасынан аспауы тиіс.

Роторды монтаждау кезінде жетекші және жетектегі жұлдызшалар бір жазықтықта орналастырылады. Жұлдызшалардың параллель ауытқуы 0,8, 1мм шамасында рұқсат етіледі.

Жоғарғы жетекші редуктордың тік бағыттағы өсі төменгі редуктордың тік өсімен сәйкес келуі тиіс.

Карданды берілістің ұзақтұрақтылығын қамтамасыз ететін бұрыштық ауытқулар 3-4⁰ шамасында болуы мүмкін.

Ротор жетегі редукторын монтаждау барысында оған май толтырылуын тексеру қажет. Жетек шынжырлары және кардан біліктері шарнирлері жақсылап майлануы тиіс. Бұл талаптар жетек редукторы мен ротор арасындағы карданды берілістер үшін де орныдалуын қадағалау керек.

«Уралмаш 300», «Уралмаш 15000» бұрғылау қондырғылары жеке электрқозғалтқышты, екі қатар шынжырлы роторларын монтаждау кезінде, бұрғылау қондырғысы рамалық негізі астындағы арнаулы белдікте орнатылған трансмиссиялық білік пен электрқозғалтқыш білігін центрлеп, сонымен қатар трансмиссиялық білік пен аралық біліктің, аралық білік пен ротордың шынжырлы берілістері білігі дәлдігін тексереді. Одан соң берілістер мен карданды берілістерді қорғап тұратын кожухтарды жабады.

Станина 1 негізінде көміртекті болаттан құйылған, қорап тәрізді қималы қатты конструкцияны береді. Оның ішкі бөлігінде негізгі және көмекші тіреуіштерді орнату үшін қажетті жонылған ұяшықтар бар. Тік бұрышты станина желілі білік орнатылған төменгі жағынан цилиндрлі түрде ашық қалтамен жабдықталады.

Станинаның жоғарғы жағында жоғарғы жағынан лабиринт түрінде нығыздалған дөңгелек тораптар бар.

Станинада ПКР кронштейн мен стопорлы механизмді орнату үшін қажетті алаңша қарастырылған.

Стол бұрғылау құрал-сайманмен шегендеу құбырларының коллоннасын өткізуге қажетті Ø 700 мм центрлі тесікті болатты құймадан орнатылған.

Столдың жоғарғы бөлігінде стопорлардың тік орналасуынан сақтайтын өткізбе втулка немесе ПКР корпусының алмалы-салмалы сынаны қондыру үшін қажетті квадрат түрдегі тереңдеме бар. Стол екі подшивникті тіреуіштерде орнатылған-негізгі және көмекші, олар өзінше тіректі радиалды шарик тәрзді подшивниктер. Негізгі тіреуіш өзіне бұрғылау мен қоршама колонналарының салмағынан жүктеме қабылдайды және реттегіш сақинасына орнатылады. Көмекші тіреуіш бұрғылау үрдісіндегі ұңғы забойынан келетін күштерді қабылдайды да, төменгі қақпақ орнатылады. Ротор столына айналу венелі арқылы столға ыстық қалыпта отырғызылған конусты тісі бар жұп арқылы беріледі. Негізгі тіреуіштің жоғарғы сақинасы столға керілме қондырғысымен орнатылған, ал төменгісі станинаның сақиналы ағыста бос орнатылған көмекші тіреуішінің жоғарғы және төменгі сақиналары дюбельдермен бұрылудан ұсталып тұрады. Столдың жоғарғы бөлігінде ротордың сыртқы қуысына бұрғылау ерітінділерінің кіруінен сақтау үшін жоғарғы лабиринтті нығыздаманы тудыратын кішкентай тарақтар бар.

Желілі білік бір шетіндегі шпонкасында конусты шестерня ал басқасында –тізбекті жетектің жұлдызшасы немесе карданның муфтасы орнатылған біліктен тұрады. Білік екі роликті конус тәрзді подшивниктерден ортаңғы бөлігінде майлы ванналы қимасы бар стаканға орнатылғанда, екі жағынан севаннитті нығыздамалы қорғаныс фланецтермен және жабылған. Майдың шығындалуынан білік мойны бойынша втулка төрттарының арасында нығыздағыш резиналы сақиналы орнатылған. Стакан станина қылтасына орнатылады, резиналы сақиналармен нығыздалады да, бұрандалармен бекітіледі. Тісті дөңгелек өстік орын ауыстырудан фланецпен белгіленеді. Тісті ілгектің реттелуі реттегіш сақина мен төсеніштер арқылы жүргізіледі.

Жоғарғы қақпақ негізінен айналдырғыш столды жауып тұратын қатты қорапты береді. Қақпақтың жоғарысында кедір- бұдыр беті бар.

Төменгі қақпақ бен төменгі лабиринтті нығыздама мен көмекші тіреуіштің майлы ваннасын тудырады. Олар резиналы шнурлармен пен нығыздалады.

Бөгеткіш механизм станинаның арнайы алаңшасында орнатылады да, ротор столына бөгет жасау үшін қызмет етеді. Столда тікбұрышты саңылау бар, олардың көмегімен стол әр 15° сайын бөгелуі мүмкін. Бөгеткіш механизм станинаға презенді болаттармен бекітілген, корпусан тұрады. Бөгеткіштің шпонкасы сақина арқылы бағыттағыш құбырға бекітіледі. Шпонканың жоғарғысынан тұтқасы бар қопарғыш бұрандамен бекітіледі. Механизмді өздігінен бөгелуінен сақтау үшін бір ұшынан бағыттаушы құбырға ал басқа шетінен болт арқылы арнайы жерге қосылған серіппе орнатылған. Бөгеткіш механизмді іске қосу үшін тұтқаны жұмыс жағдайына көтеру қажет және тұтқа көмегімен шпонканы жоғарғы қақпақтың бетіне алып шығу қажет.

Шпонканың шығыңқы жері столдың саңылауына кіру үшін шпонканы 180°-қа бұру және тұтқаны түсіру керек- стол бөгеледі.

Роторды майлау, тісті ілініс пен желілі бөлік ваннасы болатын екі ваннадан жүзеге асады. Негізгі тіреуішті майлау майлу ваннасынан тістермен шашырату арқылы жүреді, негізгі тіреуіштің майы көмекші тіреуішке түседі, ал майдың артық мөлшері арнайы терезелер арқылы ваннаға қайтадан жіберіледі.

Құрал- сайман мен тиісті жабдықтар:

1) Ротор ПКР 560М- мен бір жиынтықта, немесе ПКР- сіз де жұмыс істей алады.

2) Ротордың қор бөлшектері жиынтығына барлық резиналы манжеттер мен нығыздамалар кіреді.

Сақтау мен қорғау ережелері:

1) Роторды сақтау сұраныс берушінің территориясында ашық алаңдарда болуы мүмкін.

2) Жабдықты сақтау сұраныс берушінің күшімен, 12 ай бойы жүргізілуі мүмкін.

3) Роторды қорғау МЕСТ 9-014-78- те қарастырылған талаптарға сәйкес жүргізіледі.

Қызмет етуші адам пайдалану кезінде нағыз техникалық жазбалар мен нұсқамаларды, сонымен қатар мұнайгазды өңдеу кәсіпорындарының қауіпсіздік ережелерінің басшылыққа алу қажет.

Жөндеу жұмыстары мен техникалық қызмет ету жөніндегі барлық жұмыстар бұрғылаудың толық жағдайы кезінде жүргізілуі тиіс.

Барлық ақаулықтар тез арада жойылуы тиіс. Бұзылған ротор жұмыста қолдануға жіберілмейді.

Әр сынақ немесе ақаулық кезінде міндетті түрде олардың себебін анықтау керек. Паспортта кемшіліктері мен жөндеу жұмыстарының толық жаз басын, олардың тудыру жағдайларының толық жазбасын жүгізу керек.

Ротордың жағдайын әр кзекті жұмыс алдында тексереді.

Монтаждау

Ротор тек негізінің өлшемі бойынша орнатылған бұрғылау мұнаралы- лебедкалы блоктың негізінің ротор астындағы балкаларда мантаждалады.

Ротор тізбекті беріліс жұмысының жазықтығында жатқан жұлдызша осьтері бір жазықтықта орналасатындай етіп орнатылады. Параллельді түрде жылжыту 0,8 мм-ден аз логанды метрден жіберіледі.

Ротор роторлы балкаларда орнатылған тіреуіштермен бекітілуі және центрленуі тиіс .

Пайдалану нұсқамалары

Техникалық жағдайын тексеру.

Роторды пайдалануға жіберу алдында мыналар тексерілуі тиіс:

а) жетек білігі пен столды бұру жеңілдігі;

б) тиісті ілініс пен жетек білігі ванналарында сұйық майдың болуы;

в) тежегіш механизмнің барлық түйіндерінің бар болуы мен дұрыстығы;

г) барлық бұрандалы қосылыстарды бекіту сенімділігі;

Сипатты ақаулар мен оларды болдырмау тәсілдері.

Өте жиі кездесетін немесе мүмкінді ақаулықтардың тізбегі 1.2 кестеде көрсетілген.

Техникалық қызметі. Желілі бірлік подшипнигінің өсыті люфтасының реттелуін роторлы бұрғылаудың әр 1000 сағатынан кейін жүргізу қажет, ол үшін қорғанысфланецін (поз15) бекітетін болттарды поз 27 алу керек, солдан кейін үш болтпен подшипниктерге сына қағуға дейін қорғаныс фланцен тіркеуішке дейін қысу керек, стакан поз 13 мен қорғаныс фланецін торцтары арасындағы сыңылауды өлшеу керек,осы сыңылауға қажетті 0,25-0,35 мм-лі подшипниктердің өсытік люфтін қосу керек. Осы өлшеммен төсеніштер пакетін қалыңдығы анықталады.

1.2 кесте – Ақаулар мен оларды бодырмау тәсілдері

Ақаулардың аты	Ықтималдық есептер	Болдырмау тәсілдері
Айналу кезінде ротор бағанының тігінен орын ауыстырылуы қадғаланады.	Негізгі тіреуіштің (подшивник поз 4.2-сур) жоғарлатылған тазымы. Негізгі тіреуіштің бұзылуы.	Негізгі тіреуішті ауыстыру.
Ротор +70°С-дан жоғары температурада қызады.	Майлаудың болмауы. Ластанып майлану.	
Тісті беріліс соққымен жұмыс істейді.	Жоғарлатылған тозу, реттелудің болмауы. Үлкен тозу, тістің сынуы.	Қайтадан майлану. Роторды жуып оған таза май құю.
Желілі білікке сымның қағылуы	Подшипниктердің жоғары тозу, бұзылуы.	Іліністерді төселістермен қайта реттеу (поз 24) іліністі тексеру шестернаны ауыстыру. Желілі білікті ауыстыру.

Төсеніштер пакетіне қалыңдығы 1мм, 0,5мм, 0,1мм төсініштер кіреді:

Әрі қарай реттеу үшін төсеніштер пакетінде мүмкіндігінше 0,1мм қалыңдықты сақтау қажет.

Роторды 1.6 кестеге сәйкес майлау қажет.

1.6-кесте, Роторды майлау жүйесі.

Майлау нүктесі	Майлау жерінің аты	Майлану сорты	Майлау бойынша көрсетпе
----------------	--------------------	---------------	-------------------------

I	Тісті ілініс, негізгі және көмекші тіреуіш	Индустриалды май И50П МЕСТ 20799-75	Майдың жалпы мөлшері 50 литр. Майды көрсету riskі бойынша күнде бақыланады. Толық майлау кезегі роторлы бұрғылаудың әр 500сағат сайын.
II	Жалпы біліктің подшивниктері	-----	Жалпы майлану мөлшері 20 литр майды көрсету riskі бойынша күнде бақыланады. Толық майлау кезегі роторлы бұрғылаудың әр 250 сағаты сайын.
III	Севанитті нығыздау	Литол 24 МЕСТ 21150-87	Айына бір рет, 0,03 кг.

Жаңа ротордың майлануының бірінші толық кезеңі роторлы бұрғылаудың әр 250 мен 125 сағатына сәйкес.

2 Есептік бөлім

2.1 кесте – Есептеуге берілген бастапқы деректер

Есептеу параметрлері	Ұсынылатын ротор элементтері параметрлері
Тістердің типі	Бағыты оң
D, мм	560
z_1	19
z_2	68
I	3.81
β_{cp}	30°
m_{ε} , см	2
b, см	12,5
L	61,7
d_{cp}	37,8
n_1 , айн/мин	250
n_2 , айн/мин	50
V, м/сек	2,74
$M \cdot 10^{-3}$, кН	17,3
σ_{B1} , кН	7,5
σ_{B2} , кН	7,5
Бірқалыптылық нормаларының дәлдік деңгейі	8

мұндағы z_1, z_2 - конустық берілістің тістер саны

i -беріліс саны

β_{cp} - тістердің ұзындығы бойынша орта жерінен жантаю бұрышы

m_{ε} -шеттік модуль

b- тісті қатардың ені

L- бөлгіш конус түзгіштің ұзындығы

d_{cp} -конустық шестерняның орташа диаметрі

n_1 , айн/мин

n_2 , айн/мин

V, м/сек- айналмалы шапшаңдық

